

ОЙЛАУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ

Ойлау және сөйлеудің зерттеу
мәселесі мен әдістері





Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Ойлау және сөйлеудің зерттеу мәселесі мен әдістері

Бұл дәріс ойлау мен зерттеудің мәселесі мен әдістеріне арналады. Тақырып күрделі теориялық ғылыми көзқарастарды қамтиды. Л.С. Выготскийдің ойлау мен сөйлеудің мәселесін анықтаудағы пікірін, оның психикалық талдауының түрлеріне басты назарды аударатын боламыз.

1. Ойлау мен сөйлеу психологиясындағы зерттеу мәселесі

Ойлау мен сөйлеу мәселесі түрлі психикалық функциялардың арақатынасы мен сана әрекетінің түрлері алғашқы орындағы психологиялық мәселелер шеңберіне жатады. Выготский осы мәселенің негізгісі ретінде ой мен сөздің арақатынасы жайлы мәселе деп анықтап айтады. Автор өз сөзін қуаттай келе «осыған байланысты, басқа сұрақтар екінші орында әрі осы негізгі сұраққа логикалық түрде бағыныңқы, оны шешпейінше кейінгі жеке сұрақтардың дұрыс қойылуы да мүмкін емес екенін басып айтады. Дегенмен де осы функция аралық байланыстар мен қарым-қатынастар мәселесі, бір таңқаларлық жағы, қазіргі кездегі психология үшін әлі де болса кемеліне жетіп зерттелмеген жаңа мәселе болып табылады» дейді.

Психология ғылымымен бірге дамып келе жатқан ойлау мен сөйлеу мәселесі дәл осы ойдың сөзге қатынасы тұрғысынан аз қарастырылған. Выготскийдің өмір сүрген жылдардағы ғылыми психологияда үстемдік жасаған атомистік және функционалдық талдауда функциялардың өзара байланысы ғалымдардың назарынан тыс қалып, жекелеген психикалық функциялардың бөлек қарастырылуына, психологиялық таным әдісінің осы дара бөлектенген, жеке процестерді ғана талдаумен шектелуге әкелгенін ғалымның өзі де мойындайды.

Әрине, сананың өзі біртұтас екендігі және жекелеген функциялардың іс-әрекетте бір-бірімен үзілмес байланыста екендігі туралы ой-пікір қазіргі психология үшін жаңалық емес. Алайда сананың тұтастығы мен жеке функциялар арасындағы байланыс психологияда, әдетте, зерттеу пәні ретінде емес, тек жорамал ретінде болғанын ескертеді. Автордың пікіріне сүйенсек, цитата: «сананың функционалдық бірлігін жорамалдай отыра, психология өз зерттеулері негізінде сананың функция аралық байланысының тұрақтылығы мен өзгермейтіндігін мойындаудан тұратын мүлдем жалған және әлі құрылмаған, бірақ барлығы үнсіз мойындаған жорамалды қарастыра отырып, қабылдаудың әр уақытта біркелкі түрде зейінмен, естің қашанда біркелкі түрде қабылдаумен, ойдың қашанда біркелкі түрде еспен т.б. байланысты болатындығын шамалайды. Осыдан келіп, функцияаралық байланыстарды көбейткіш ретінде жақша сыртына шығарып, жақша ішінде қалған бөлек әрі оңаша қызметтерді зерттеу әрекеттері барысында есепке алмау керек деген пікір туындады». Осыған орай қарым-қатынастар мәселесі, атап өткендей, сол заманғы психологияда ең аз қарастырылған мәселе болып саналады. Ал, қазір Выготскийдің зерттеулерінің арқасында бұл мәселе зерттеудің жаңа деңгейіне алып келді.

Автор өз еңбегінде мәселенің зерттелу тарихын қайта қарастырып, ойдың сөзге арақатынасы туралы аспектісін зерттелушінің назарынан әркез тысқары қалып отырғанын айтқан. Ол «егер ғылыми психологиядағы ойлау мен сөйлеу мәселелері жайында жүргізілген тарихи жұмыстардың нәтижесін қысқаша қарастырып көрсек, онда әр қилы зерттеушілер ұсынған осы мәселенің шешімі ерте кезден қазірге дейін, екі шеткі өріс арасында әрқашан және тұрақты түрде — тепе-теңдестіру, яғни ой мен сөздің толықтай тоғысуы, сондай-ақ метафизикалық, әрі абсолютті де толық айрылысуы мен ажырауының арасында тербеліп тұрғандығын көреміз» дейді. Осы екі шектің бірін таза күйінде көрсетіп немесе өз құрастырмаларында осы екі шекті біріктіріп, екеуінің арасынан аралық пунктті ала отырып, бірақ осы екі өрісті нүкте арасында орналасқан белағаш бойынша жүре отырып, ойлау мен сөйлеу туралы әр түрлі ілімдер сиқырлы шеңбер бойымен әлі де болса айналып жүр, одан шығудың жолы әлі де беймәлім. Ежелден бері ой дегеніміз — бұл «сөйлеуден дыбысты алып тастау» деген ойлау мен сөйлеуді психологиялық тіл білімі арқылы теңестіруден бастап, қазіргі кездегі ойды өзінің қимыл-қозғалысты бөлімінде анықталмаған тежелген рефлекс деп қарастырушы американдық психологтар мен рефлексологтарға дейін, ойлау мен сөйлеуді бір-біріне теңестіріп бір ғана идеяның даму жолы өтеді. Осы жолға жалғасатын барлық ілімдер өздерінің көзқарастарының мәні бойынша ойлау мен сөйлеудің табиғатына, ойдың сөзге ара қатысын шешудің мүмкіндігі жоқтығын ғана емес, сонымен қатар соған байланысты сұрақты қоюға да мүмкіндігінің жоқтығын білдірді. Егер ой мен сөз сәйкес келсе, егер бұл екеуі бір нәрсені білдірсе, онда олардың арасында ешқандай қатынас пайда болмайды және заттың өзінің өзіне деген қатынасындағы сияқты, ол зерттеу тақырыбы да бола алмайды. Ойлау мен сөйлеуді біріктіретіндер ой мен сөз арасындағы қатынас туралы қоятын мәселенің жолын жауып, күні бұрын бұл мәселені шешілмейтін етеді. «Олар мәселені шешпейді, тек оны айналып өтеді» деп ой қорытады.

Қарама-қарсы өріске жақын тұрған ойлау мен сөйлеудің тәуелсіздігі туралы пікірді дамытушы ілім,



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Ойлау және сөйлеудің зерттеу мәселесі мен әдістері

алғашқы сәттен-ақ зерттеуші ғалымдарға қызықтырушы сұрақтарға аса ыңғайлы болып тұрғандай көрінеді. Сөйлеуді де ойдың сыртқы көрінісі ретінде Вюрцбург мектебінің өкілдеріне ұқсас қарастырып, ойды барлық түйсінуден, соның ішінде сөзден де босатып, ой мен сөз арасындағы байланысты тек сыртқы байланыс ретінде көрсетуге тырысатындар, шынында да, ойдың сөзге арақатынасы туралы мәселені алға қоюмен бірге, өздерінше шешуге тырысады. Алайда әр түрлі психологиялық бағыттар ұсынатын осы тәрізді шешім бұл мәселені шешпек түгілі, мәселенің өзін дұрыс қоя алмайды, егер бірінші топтың зерттеушілеріндей, оны айналып өтпесе, онда түйінді шешудің орнына, оны одан әрі шырмап тастайды. Сөз түрінде ойлауды оны құрайтын бір-біріне мүлдем жат элементтерге — ой мен сөзге — ажыратып және одан кейін ойлаудың сөйлеуден, сөйлеудің ойлаудан тәуелсіз түріндегі таза қасиеттерін зерттей отырып, бұл зерттеушілер ойлау мен сөйлеу арасындағы байланысты екі түрлі процесс арасындағы сыртқы механикалық тәуелділік ретінде көрсетуге тырысады. Мысал ретінде осы әдіспен, яғни сөз түрінде ойлауды құрамды элементтерге ыдырату көмегімен екі процестің байланысы мен өзара әрекетін зерттеуге тырысқан қазіргі заман авторларының әрекетін айтуға болады. Ақыр соңында, олар ойлаудың дұрыс жүруіне сөйлеуде тіл қозғалыстары процестерінің маңызды рөл атқаратындығы туралы нәтижеге келеді. Олар түсіну процесіне, түсінуі күрделі сөздік материалды ішкі сөйлеу, түсінгенін есінде жақсы сақтау мен түсінгенінің бірігуіне ғана көмегін тигізеді. Әрі қарай, осы процестердің ағымының барысында, егер ойдың өрбуінде маңыздыны маңызсыздан бөліп, ұстап қарауға, қамтуға көмектесетін ішкі сөйлеу қосылса, белсенді іс-әрекеттің белгілі формасы ретінде ұтып отырады. Әрі ішкі сөйлеу ойдан дауыстап сөйлеуге ауысуға себепші фактор рөлін атқарады.

2-сұрақ. Л.С. Выготскийдің психикалық талдауының түрлері: элементтерге ыдырау әдісінен бастап күрделі біртұтас бүтіннің бірліктерге бөлшектенуіне дейін.

Психологияда қолданылатын екі жақты талдау түрін айыра білген жөн деп ойлаймыз. Кез келген психикалық құрылымдарды зерттеуде талдау қажетті деп болжанады. Алайда бұл талдаудың әр қилы негіздегі екі формасы болуы мүмкін. Оның бірі — осы талай ғасырлық мәселені шешуге ұмтылған зерттеушілер басынан кешірген сәтсіздікке себепші болса, екіншісі осы мәселені шешу бағытында жасалатын алғашқы қадам жасаудағы ең дұрыс қадам болып табылады.

Психологиялық талдаудың алғашқы тәсілін күрделі психикалық тұтастықты элементтерге жіктеу деп атауға болады. Оны сутек пен оттекке жіктейтін судың химиялық талдауымен салыстыруға болады. Мұндай талдауға тән негізгі белгі — ол нәтижесінде талданатын тұтасқа жат өнім мен тұтасқа тән қасиеттері жоқ элементтер алынып, олардың бойында осы тұтастық бойынан ешқашан табылмайтын жаңа қасиеттердің табылуын анықтау. Ойлау мен сөйлеу мәселесін шешу үшін оны жеке ойлау мен жеке сөйлеуге бөлген зерттеушіде, судың қандай да бір қасиетін ғылыми тұрғыда түсіндіруге тырысқан адамдағыдай жағдай болады. Судың қасиетін түсіндіруде оны сутек пен оттекке ажырату арқылы түсіндіретін адам сутек жанатынын, ал оттектің тек жануға көмектесетінін білгенде таңғалар еді, сондықтан осы элементтер қасиетінен бүтінге немесе тұтасқа тән қасиеттерді түсіндіре алмас еді. Тұтас күйіне тән негізгі қасиеттерді түсіндіру жолын іздестіре отырып, сөз түрінде ойлануды жеке элементтерге ыдырататын психология да соңына қарай тұтастыққа тән осы элементтер бірлігін іздейтін болады. Талдау барысында олар мүлдем көзден таса болуына байланысты түсіндіруге болатын, бірақ талдау процесінде жойылған қасиеттерді таза ойлау жолымен қайта құру үшін элементтер арасындағы таза механикалық өзара әрекеттесуді іздестіреді.

Тұтастыққа тән қасиетін жойған элементтерді талдау шешімін іздестірген мәселе тұрғысынан шын мәніндегі талдау болып табылмайды. Выготский оны талдауға қарама-қарсы әрі керісінше тұратын таным әдісі деп қарастырады. Судың химиялық формуласы, оның барлық қасиеттеріне бірдей болатын және мұхит суы болсын, жанбыр тамшылары болсын — судың барлық түрлеріне бір деңгейде және біркелкі қатысты. Сондықтан да суды элементтерге ыдырату арқылы біз оның нақты қасиеттерін түсіндіре алмаймыз. Бұл талдауға, яғни шын мәніндегі бөлшектеуге қарағанда, жалпыға әкелу жолы болады. Психологиялық тұтас құрылымдарға қосымша берілетін талдау түрі — әр түрлі сөз түріндегі ойлаудың қызметі мен баланың сөз түріндегі ойлауының дамуын қарастырып, күнделікті бақылауда кездесіп отыратын сөз бен ой арасындағы қарым-қатынастың барлық ерекшелігін нақты анықтап бере алатын талдау болып табылмайды.

Бұл талдау да психологияда өзінің қарама-қарсысына айналып, зерттеліп отырған тұтастың нақты әрі ерекше қасиеттерін түсіндірудің орнына, ғалымдарды қызықтыратын нақты заңдылықтарға қол жеткізу мүмкіндігінен тыс, жалпы нұсқауға абстрактілі ортақ ойлау мен сөйлеуге қатысты түсіндіре алатын



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Ойлау және сөйлеудің зерттеу мәселесі мен әдістері

нұсқауға әкеледі. Осындай талдауды психологияда қолдану зерттеліп отырған процестің бірлігі мен тұтастығына көңіл бөлмей және бір-біріне жат, әр түрлі сырттай өзінше болатын арақатынастар бірлігінің ішкі қарым-қатынастарын алмастыра отырып, күрделі бұрмалаушылыққа алып келеді. Бұл талдаудың нәтижелері ойлау мен сөйлеу туралы ілім аймағынан басқа жерде анық берілмеген. Дыбыс бірлігі мен мәннің жанды бірлігін білдіріп, тұтас сөз түрінде ойлауға тән негізгі де қарапайым түрлерін алып жүретін сөздің өзі осындай талдау нәтижесінде екі бөлікке бөлінді, кейін зерттеушілер олардың арасындағы сырттай өздігінен болатын ассоциативтік байланысты орнатуға тырысты.

Дыбыс пен мағына сөзде өзара байланыспаған. Қазіргі кездегі лингвистиканың өкілдерінің бірі белгі түрінде біріккен осы екі элементтің өз алдына болатынын айтты. Соған байланысты, осындай көзқарастан тілдің фонетикалық және семантикалық жақтарын зерттеу үшін ең нашар нәтижелер беретіндігі таңғаларлық жағдай емес. Ойдан бөлініп қалған дыбыс оны адамның үні жасайтын және табиғаттағы басқа дыбыстардан жеке бөліп көрсететін ерекше қасиеттерін жояды. Соған байланысты мағынасыз дыбыстармен оның тек физикалық және психикалық қасиеттер жағын, яғни бұл дыбыс үшін ерекше емес, табиғаттағы барлық дыбыстармен ортақтыққа ие болатынын зерттей бастайды, ал өз кезегінде мұндай зерттеу зерттеуші ғалымдарға осындай физикалық және психикалық қасиеттерден тұратын дыбыс адамның (дыбысы) үні болып келетіндігін және оны адамның үні жасайтын не екендігін түсіндіріп бере алмады. Осы сияқты сөздің дыбыстық жағынан айрылған мағына да өзінің материалды ұстанып жүрушісінен тәуелсіз, дами түсетін түсінік ретінде жеке зерттелетін ойдың таза актісі мен таза ұсынысына айналар еді. Классикалық семантика мен фонетиканың нәтижесіздігі мәнді түрде дыбыс пен мағына арасындағы ажырау мен сөздің бөлек элементтерге бөлінуімен шартталған.

Сол сияқты психологияда да бала сөйлеуінің дамуын оның дыбыстық, сөйлеудің фонетикалық және мағыналық жағын ыдырату көзқарасы тұрғысынан қарастырды. Әрбір нүктесіне дейін мұқият зерттелген бала фонетикасының тарихы, бір жағынан, осы құбылысқа жататын мәселелерді қарапайым түрде де біріктіре алмады. Екінші жағынан, бала сөзінің мағынасын зерттеу зерттеушілерді бала тілінің фонетикалық тарихымен еш байланысы жоқ бала ойының автономды және дербес тарауына алып келді.

Ойлау мен сөйлеу туралы ілімнің ішіндегі ең маңызды кезең осы талдаудан басқа талдау түріне ауысу болып табылады деп ойлаймыз. Соңғысын Выготский күрделі біріккен тұтастықты бірліктерге бөлшектейтін талдау ретінде қарастырды. Бірлік сөзінің астарында элементтерге қарағанда тұтастыққа тән барлық негізгі қасиеттерді игерген және осы бірліктің бөлінбес жанды бөліктері болып табылатын талдау өнімін түсінеміз. Судың химиялық формуласы емес, бірақ молекулалар мен молекулярлы қимыл-қозғалысты зерттеу судың жекелеген қасиеттерін түсіндіретін шешуші фактор. Сол сияқты, тірі ағзаға тән барлық негізгі өмір қасиеттерін сақтаған тірі жасуша да (клетка) биологиялық талдаудың дәл нақты бірлігі болып табылады.

Күрделі бірліктерді зерттеуді көздеген психологияның осыны түсіне білгені абзал. Ол бірліктерге бөліп тастайтын элементтерге ыдырату әдісін талдау әдісімен алмастыруы қажет. Ол осы қасиеттер бір-біріне қарама-қарсы түрде берілген және бірігу ретінде тұтастыққа берілген қасиеттерді сақтайтын, бөлінбейтін бірліктерді тауып, осы талдау көмегімен алда тұратын нақты сұрақтарды шешуі қажет.

Егер көне психологияның зерттеу аймағы үшін функцияаралық қатынастар мен байланыстар мәселесіне жол жабық болса, қазір бірлік әдісін қолдануға және сол арқылы элементтер әдісін алмастырғысы келетін зерттеушіге жол ашылады. Ойлау мен сөйлеудің сананың басқа жақтарына қатынасы туралы айтқанда, ең бірінші туындайтын интеллекті мен аффект арасындағы байланыс туралы сұрақ. Бұл жердегі аффект адам көңіл-күйінің кенеттен өзгеріп, әсерленуі (долдану, үрейлену, т.б.). Бұл жас балаларда жиі кездеседі. Аффект кезінде оқыс қимыл-қозғалыстар (ерекше мимика, ым-ишара) жасалып, айқайлау, жылау сияқты қатты дауыс шығады. Санамыздың интеллект жағының оның аффективті, ерікті (ырықты) жағынан ажырауы барлық дәстүрлі психологияның негізгі және түпкілікті кемістігі. Осыған орай, ойлау сөзсіз өздігінен жүретін ойлардың автономды ағымына айналады, ол өмірдің барлық толықтығынан, ойлайтын адамның қызығушылық, құштарлығы мен ниет-талабынан айрылады, адамның өмірі мен мінез-құлқында ештеңе өзгерте алмайтын қажетсіз эпифеномен болады немесе жеке тұлға өмірі мен саналы өмірге кірісе отырып, түсініксіз түрде әсер ететін автономды және езіндік көне күшке айналады. Ал интеллект— жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті. Ақыл-ой сезімі адамның таным әрекетімен байланысты. Алғашында бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, қазіргі кезде оған барлық танымдық үрдістер кіреді. Интеллект - адамның болмысты тануының негізгі нысаны. Интеллект - ақпаратты мақсатты бағытта қайта өңдеуге, реттеуге, оқуға қабілеттіліктің күрделі жүйелерінің танымдық іс-әрекеті. Күрделі тұтастықты бірліктерге бөлетін талдау тағы да ғалымдар қарастырған барлық маңызды сұрақтардың



шешілу жолын нұсқады. Ол аффективті және интеллектілік үрдістердің бірлігін білдіретін динамикалық мағыналық жүйенің бар екенін көрсетеді. Ол барлық ой-пікірде адамның (шынайы) ақиқат дүниеге өңделген түрдегі аффективті қарым-қатынасы жататынын ескертеді. Ол адам ниетінің қажеттілігінен оның ойлауының белгілі бір бағытқа тікелей қозғалысы мен ойлау динамикасынан мінез-құлық және жеке тұлғаның нақты іс-әрекетіне деген кері қозғалысты ашуға мүмкіндік берді.

Выготский өз еңбегінде «Ойлауды әу баста аффекттен ажыратып тастаған адам өзінің ойлауды түсіндіру себептерін іздеу жолын жауып тастайды, себебі ойлаудың детерминанттық талдауы ойлаудың қозғалысын әр жаққа бағыттап отыратын ойлауды қозғаушы түрткілер, қажеттіліктер, талаптар мен тенденцияларды ашуды қажетті деп шамалайды. Сол тәрізді ойлауды аффекттен бөліп тастаған адам да ойлаудың психикалық өмірдің аффективті, ырықты жағына кері әсерін зерттеуді күнібұрын мүмкін еместей жағдай жасап алады, өйткені психикалық өмірдің детерминистік талқылауы адам мінез-құлқын өзіндік жүйесі арқылы анықтайтын магиялық күшті ойлауға жапсыру сияқты, ойдың да мінез-құлықтың қажетсіз қосымшасы, оның әлсіз өрі пайдасы жоқ көлеңкесіне айналуын жоққа шығарады» деген ой қорытады.

Қосымша әдебиет:

1. Выготский Л. С. О педологическом анализе педагогического процесса. // Выготский Л. С. Психология развития ребенка. – М.: Смысл, Эксмо, 2004.
2. Выготский Л. С. О психологических системах. // Выготский Л. С. Собр. соч. В 6-ти т. Т.1. – М.: Педагогика, 1982.
3. Выготский Л. С. Орудие и знак в развитии ребенка. // Выготский Л. С. Собр. соч. В 6-ти т. Т.6. – М.: Педагогика, 1984.